

## Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 5-2/470 санды ұсынысы негізінде, Благодар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 2015 жылдың 10 шілдедегі № 1 "Благодар ауылдық округінің Ақшат ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4438 болып тіркелген, 2015 жылдың 30 шілдеде облыстық "Ақтөбе" газетінде және 2015 жылдың 20 тамызда "Әділет" АҚЖ-де ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Благодар ауылдық округінің әкімі*

*Б.Дарин*